



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

насихаттаушылардың алдыңғы қатарында жүреді. Кітапта Ыбырай Алтынсариннің халықтық қызметін көрсетуге бірсыпыра көңіл бөлінеді. Автор қазақ даласында алғаш мектептер ашқан, сол мектептердің біріне өзін оқуға орналастырған ағартушы – педагогтің образын жасайды, онымен кездесулерін әсерлі баяндайды. «Қара бақсының хикаясы», «Надандық құрбаны» атты тарауларында ескі ауылда етек жайып, оны рухани жүдеткен қараңғылық пен надандықты әшкерелейді. Ауылдағы тап тартысы, кедейлердің егіндік, шабындық жерлерін тартып алған байларға қарсы бой көтеруі, байлардың олардан «кек қайтару» озбырлығы – кітаптың бірқатар тарауларының («Зорлық», «Мұз үстіндегі айқас», т.б.) мазмұнын құрайды.

Ұлы ағартушының ізбасары С. Көбеевтің кезінде жоғары бағаланып, екі дүркін Ленин орденімен марапатталып, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атақ алған және Республика Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

Қорытынды сөз.

Осылайша Алтынсарин салған соқпақ жібi бұзылмай келешекке қадам басарын айтып кеткен:

«Үлгілі тәржіма» қолыма тигеннен кейін мен енді бастауыш мектеп үшін хрестоматия құрастыруға кірістім. Мұнда мен ең алдымен Ыбырай Алтынсариннің хрестоматияларын үлгі еттім. Өйткені Ыбырай әрі шебер педагог, әрі методист еді. Сондықтан бастауыш мектепте оқитын қазақ балаларына арналып жазылғалы отырған хрестоматия, сөз жоқ, Ыбырайдың үлгісі бойынша жазылу керек еді. Ыбырайдың оқу құралдарындағы негізгі сарын мінез – құлықты түзетудің, жауыздыққа, озбырлыққа қарсы күрестің, адалдық, әділеттілік, адамгершілік тәрбиесін берудің сарыны еді». [3. б. 40]

Әдебиеттер тізімі:

1. С.Көбеев. Орындалған арман
2. С.Көбеев. Мен оқытушы
3. С.Көбеев. Қилы кезеңдер
4. Білімді ел / Жанар Бердибекова. Спандияр Көбеев – әлеуметтік әділеттіліктің, адамгершіліктің жаршысы, гуманист педагог / 9.12.2021 ж.
5. ХХІ ғасырдың I жартысындағы Қазақ әдебиеті/Спандияр Көбеев, Сәбит Дөнентаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев шығармалары
6. Әдебиет порталы/ Спандияр Көбеев

ӘОЖ 37.034

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВТІҢӘДЕБИЕТ ПЕН ТІЛ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ

*Смагулова Айзат Есказыевна
педагог – зерттеуші, ағылшын тілі пәні мұғалімі
Ә.Бұқарбайқызы атындағы қазақ орта мектебі
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қазақстан
E – mail: Aizat_Smagulova@mail.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің үндестігі мен олардың қазақ тілі мен әдебиеті саласына қосқан үлестері туралы жазылған.

Түйінді сөздер: мақала, сабақтастық, идея, ұрпақ, өзгерістер.

Аннотация

Данная статья посвящена созвучию Ыбырая Алтынсарина и Спандияра Кобеева и их великой роли в казахском языке и литературе.

Ключевые слова: статья, преемственность, идея, поколение, изменения.

Abstract

The article devoted to the consonance of Ybyrai Altynsaryn and Spandiyar Kobeev and their great role in Kazakh language and literature.

Key words: article, continuity, idea, generation, changes.

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін білім саласында жеткен елеулі жетістіктер мен ауқымды белестер аз емес. Білім саласында, әсіресе мектеп белестері туралы жағымды жаңалықтар естіп жатсақ, сонау замандағы ұлтының білімді болуы үшін ерен еңбек еткен ағартушы, педагог, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин атамыз міндетті түрде ойда тұрады. Ыбырай Алтынсариннің әу баста Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет

еткені, ең алғаш ашылған бастауыш мектепте орыс тілі мұғалімі болғандығы ол кісінің ағартушылық қызметінде тіл саласына да елеулі еңбек еткендігін көрсетеді. Бұл біз үшін, яғни тіл мұғалімдері үшін үлкен мақтаныш! Балалар әдебиеті тақырыбына арналған орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, оларды жас ұрпаққа үлгі етіп ұсынды.

Түркі тілін, соның ішінде қазақ тілін зерттеген орыс ғалымы Н.И.Ильминский 1859 жылы Ыбырай атамызбен танысады. Патшалық Ресей саясаты шығыс халықтарын отарлау мақсатында олардың өз тілдерінде емес, бөрінің ортақ орыс тілінде сөйлегендерін қалайды. Сол мақсатта орыс түркітанушылары жауапты тапсырмалар алып, түрік грамматикасын орыс грамматикасымен салыстыра зерттеу басты нысанға алынған болатын. Ыбырай атамыз Н.И.Ильминскийдің миссионерлік идеяларын құптамайды, бірақ онымен достық қарым – қатынас орнатады. Ыбырай атамыз «Татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу үшін, қазақ тілінде оқуға арналған бастауыш кітабымды кеше ғана бастадым» деп Н.И.Ильминскийге 1876 жылы хат жазған болатын. Ыбырай Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін Н.И.Ильминский оның ағартушылық еңбектері, хаттары мен іскери құжаттары жөнінде өз еңбектерін шығарды. Ғалымның Алтынсарин жөнінде жазған материалдары қазіргі таңда да үлкен ғылыми маңызға ие.

Ыбырай атамыздың тіл мен әдебиет саласына сіңірген еңбектері орасан зор. 1879 жылы Орынбор қаласында «Қазақ хрестоматиясы» еңбегі басылып шықса, 1896 және 1899 жылдары «Махтубат» кітабы жарыққа шықты. Қазақ хрестоматиясы туралы ақын «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс – қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім.» деп жазған.

Қазақ әдебиетінде Ыбырай Алтынсариннің есімі алтын әріппен жазылатындай құрметке ие. Мектеп табалдырығын аттаған бастауыш сынып балалары Ыбырай аталарының «Кел, балалар оқылық!» өлеңімен тілдерін сындырады. Ыбырай ашқан мектептерден ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов және Ахмет Беремжанов, Міржақып Дулатов, Назипа Кульжанова, Алдияр Абубакиров, Мухамеджан Сералин, Альжан Байгулин, Ғабдолғалы Балғымбаев сынды зиялы қауым білім алған. Бұл туралы Ыбырайдың шөбересі, Тұран университетінің профессоры және ҚР мәдениет қызметкері Гультжиған Қасымжанова Қазинформ корреспондентіне берген сұхбатында айтқан болатын. Қазақ ақыны Серікбай Оспанов «Алтынсариннің айналасындағы адамдар» атты кітабында Әлихан Бөкейханов 1925 жылы Ахмет Байтұрсыновқа «Ыбырай Алтынсарин жөнінде сенің өзіңнің жазғаның дұрыс болар еді. Себебі ол кісі сенің рухани ұстазың болды ғой. Қазіргі жағдайда ол кісі өмірден озып кеткендіктен сен ұстазыңның ісін жалғастыруың керек.» деп жазған еді хатында. Бұл нұсқау А.Байтұрсыновтың қазақ әліппесін жарыққа шығаруымен іске асты. (Бұл ақпарат та Гультжиған Қасымжанованың сұхбатында айтылған.) Ұлы ағартушы Ыбырай Торғай уезі маңындағы Соқытбай ауылында қонақ болып жүрген кезінде әкесімен ілесіп келген жас баланың өзінің ізбасары болатындығын білмеп еді. Бұл бала болашақ педагог – жазушы – Спандияр Көбеев еді. Ыбырайды алғаш көрген Спандияр сол кісінің Соқытбай ауылында ашқан екі жылдық мектебіне алынып, білім алады. Содан кейінгі жылдары Қарағайлықөл атты ауылдағы болыстық мектепте оқып, білімін Қостанай қаласындағы Алтынсарин ашқан орыс – қазақ мектебінде жалғастырады. Осы қаладағы жаңадан ашылған екі жылдық педагогикалық курсқа түсіп, бастауыш мектеп мұғалімі деген мамандық алып шығады.

Ыбырайдың ізбасары Спандияр, ұстазы тәрізді орыс ғалымдарының бірнеше мысалдарын ана тілімізге аударып, баспаға ұсынған. Ол аудармалары «Үлгілі тәржіме» деген атпен 1940 жылы басылып шығады. Сонымен қатар Спандияр Көбеев қазақ романдарының тұңғыштарының бірі болған «Қалың мал» романының авторы. Бұл романда жазушы сол кездегі қазақ ауылының әлеуметтік өмірін мен қазақ әйелінің тағдырын, әйел теңсіздігін бейнелеген. Көбеев өз жұмыстарында Алтынсариннің халықтық қызметіне көп көңіл бөлген. Ұлы ағартушының ізбасары Спандияр Көбеев екі дүркін Ленин орденімен марапатталып, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атаққа ие болған және халық сеніміне де ие болып, Республиканың жоғары кеңесіне депутат болып сайланған. Ұстаздан шәкірт озады демекші Спандияр Көбеев ағартушы ғалымның жолын қуып, ұстаздық ұлы жолда еңбек етті. Ол Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы. Өз жазғанында «Ыбырайдың өлімі менің оқытушы боламын деген ынта жігерімді баянды етіп бекітті» деген. Ол қазақ даласында алғаш мектептер ашқан, сол мектептердің біріне өзін орналастырған ағартушы педагогтың образын жасайды. Онымен кездескен күндерін есерлі етіп баяндайды.

С.Көбеевтің «Қалың мал» романы қазақ әдебиетінің негізін салушы маңызды романдардың бірі және ол қазақ әдебиеті тарихындағы ең алғашқы көлемді прозалық туынды! Жалпы, Спандияр Көбеевтің жазушылық еңбегі оқытушылық қызметіндегі әдебиеттердің жеткіліксіз болу себебінен туындаса керек. «Надандыққа, феодалдыққа, ескішіл, өрескел сорақы салтқа қарсы күрес жүргізудің бірден бір жолы халықты ағарту, балаларды оқыту, халықты сауаттандыру» деп, оны мәдениет сатысына аяқ бастыру деп ұғушылардың бірі мен едім. Бірақ, сегіз – тоғыз жыл оқытушы болғаннан кейін феодалдық салтпен күресу үшін тек бір ғана балаларды оқыту жеткіліксіз екеніне әбден көзім жетті. Бұл күресте санаға күштірек әсер ететін басқа да құралдар керек сияқты көрінеді. Издене келе, мен осы мақсатқа жету жолында ағартушыға ыңғайлы күрес құралдарының бірі – көркем әдебиет екен

деген ой түйдім. Мен осы ойымды жүзеге асыру мақсатымен 1911 жылдан бастап «Қалың мал» романын жазуға кірістім.» дейді жазушы. Ана тіліміздің әдебиетіндегі бұл прозаның ерекшелігі өз теңсіздігі үшін әкесінің таңдауына қарсы күрескен Ғайша мен кедей болса да үстем тап өкілдеріне қарсы тұрып, Ғайшаны алып қашып азаматтық көрсеткен Қожаш сияқты жағымды кейіпкерлердің жеңіске жетуі. Сонымен қатар, Спандияр Көбеевтің балалар әдебиетіне қосқан үлесі де орасан зор. Ол кісінің Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» үлгісімен жарық көрген «Үлгілі тәржімә» мен «Үлгілі бала» жинақтарындағы Крыловтан аударылған мысалдар өлеңмен де, қара сөзбен де жазылған. Көбеевтің «Арыстан мен тышқан» мысалындағы әлеуметтік астар айқын. Мұнда әлдінің әлсізді тең көрмеушілігі айтылады. Тышқан өзін құдайдың тектен текке жаратпағанын арыстанға ескертеді. Бұл жерде Ыбырай ықпалы айқын сезіледі. Себебі өлеңмен жазылған мысалдардың көпшілігінде ақын құдайды ауызға жиі алады. С. Көбеевтің кез келген туындысынан оның ағартушылықты мақсат тұтқан ниетін анық аңғаруға болады. Бұл жерде жазушы мен ұстазы Ыбырай ойларының үндесетіні сөзсіз. Олар балаларға осы мысалдар арқылы білімнің алып күштен артық екендігін көрсеткісі келген. Жазушының балаларға арналған мысал өлеңдері мен әңгімелерінің басты нысанасы осы мақсатпен тығыз байланысты. Қаламгердің бала психологиясын жете меңгергендігін аудармалары да, өз туындылары да көрсетіп тұр. Ыбырай мектебінде оқыған, оның хрестоматиясы үлгісімен еңбек жазған, бір сөзбен айтқанда қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымының жолын қуған С.Көбеевті балалар әдебиетінің жанашыр қамқоршысы деп атауға әбден болады. Ы.Алтынсарин шығармашылығынан С.Көбеевтің шығармашылығының ерекшелігі сол, ол қазақ балалар әдебиетіне мысал жанрын саналы түрде қарасөзбен де, өлеңмен де аударып, бала ұғымына сәйкес етіп жазды.

Спандияр Көбеевтің ұстаздық жолда орыс тілі пәні мұғалімі болғандығы да Ыбырай атамыздың ұстаздық жолымен үндеседі, Ыбырай атамыз бастауыш мектепте орыс тілі пәнін оқытқан. Екеуі де отаршыл Ресейдің саясаты кезінде өмір сүрсе де, қазақ тілі мен тарихын жою үшін жанталасқан саясатқа қос ғалым қаламдары арқылы ағартушылық пен жазушылық қабілеттері арқылы қарсы соғысты. Қорыта келгенде, осы мақаланы жазу барысында Қостанай елін тегіннен тегін «Тұңғыштар мекені» деп атамайтындығына көзім жетті. Осы өлкеден шыққан ұлт мақтанштары: қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы Ыбырай атамыз және шәкірті Спандияр Көбеев, тұңғыш кәсіби журналист Мұхамеджан Сералин, қазақтың тұңғыш әліпбиін жасаған Ахмет Байтұрсынұлы атамыз, қазақтың тұңғыш дәрігері Мұхамеджан Қарабаев және алаш тұлғалары Міржақып Дулатов, Бейімбет Майлин тәрізді біртуар тұлғалар ұлтымыздың әр саласына үлес қосқан алыптар. Осындай алып тұлғаларды дүниеге әкелген топырағы асыл елді мекенге еріксіз көмейімнен жыр шумақтары төгілді:

Қостанай, топырағың неткен текті,
Құдайдың өзі саған нұр дән септі!
Мақаламды осы жазу барысында
Бұған менің сан дәлелмен көзім жетті.

Алыптар Ыбырай, Ахмет – ұлт ұстазы!
Ойға алғаны болған екен елдің қамы.
Саясатқа отаршыл қарсы тұрып,
Қалғанша арпалысқан қасық қаны!

Қазақтың қай баласы болса дағы
Оқиды әріп танып, көзі ашылып.
«Кел, балалар оқылық!» деген ұран
Көкірегінде жазылған мөр басылып.

Сол ұранда Ахметтің әліпбиі
Танытады ұрпағына текті елдің.
Бірінің ісін жалғап, бірі қолдап
Ұлы еңбек жолында төкті терін!

Көбеев – Ыбырайдың ол шәкірті
Әдебиеттен ойып тұрып орын алған.
Білгің келсе, ол туралы оқы еңбегін
«Орындалған арман» атты өзі жазған!

Біз, филолог мамандар мақтанамыз
Әдебиет пен тіл саласы бай ғой біздің!
Қиындықта жазылған романдардан
Ұлылардың киесі мен рухын сездім!

Уа, Қостанай жұртшылығы амандықта

Көрінсін ұлдарыңыз ел төрінен!
Қабыл алғын осы өлеңді жыр шашу ғып
Шығарған шынайы көңіл, жүрегімнен!

Әдебиеттер тізімі:

1. Ы. Алтынсарин. Әдебиет порталы. <https://adebiportal.kz>
2. Ұлттың ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің тілегі. <https://sputnik.kz>
3. Наследие великого учителя Ибрая Алтынсарина актуальна и сегодня – заслуженный деятель культуры РК Г. Касымжанова. <https://www.inform.kz>
4. Спандияр Көбеев. Әдебиет порталы. <https://adebiportal.kz>
5. С.Көбеевтің әңгімелері мен аудармалары. <https://zharar.kz>
6. С.Көбеев әлеуметтік әділеттіліктің, адамгершіліктің жаршысы, гуманист – педагог. <https://bilimdinewz.kz>.

ӘОЖ 37.034

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҒАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

*Султанова Айкерім Малшыбайқызы
педагогикалық ғылымдар магистрі
педагог – сарапшы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің А.М.Горький атындағы гимназиясы» КММ
E-mail: ajgerochka@mail.ru*

*Сұлтанов Қабдрахман Қабдікәрімұлы
педагог – сарапшы, география пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №15 жалпы білім беретін мектебі» КММ
E-mail: kabdraxman@mail.ru*

*Ромащенко Дмитрий Сергеевич
педагогикалық ғылымдар магистрі,
педагог – сарапшы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің А.М.Горький атындағы гимназиясы» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеясы мен қазіргі білім берудегі сабақтастық туралы айтылады. Ол жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл аударды, сол жолды әлі күнге дейін біз жалғастырып келеміз. Қазақ даласындағы аумалы – төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлаған ғалым туралы терең ойлар айтылған. Қазіргі білім беру саласына үлкен өзгерістер енгізіліп жатқандығы туралы баяндалған.

Түйінді сөздер: *прогрессшіл, халық ағартушысы, реформалар, оқу мен жазуды сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, объективті ойлау, инновациялық іс – әрекет.*

Аннотация

В этой статье изложены педагогические идеи Ибрая Алтынсарина, который придавал огромное значение воспитанию и образованию молодежи. Его прогрессивные взгляды имеют преемственность с современным образованием и внедряются в педагогический процесс и сегодня. Нас поражает глубина мыслей просветителя. Он предвидел те изменения, которые сегодня находят воплощение в обновлении содержания образования.

Ключевые слова: *прогрессивный, народный просветитель, реформы, технология критического мышления через чтение и письмо, объективное мышление, инновационная деятельность.*

Abstract

This article presents the pedagogical ideas of Ibray Altynsarin, who attached great importance to the upbringing and education of young people. His progressive views have continuity with modern education and are being introduced into the pedagogical process today. We are struck by the depth of the enlightener's thoughts. He foresaw the changes that today are embodied in the renewal of the content of education.

Key words: *progressive, people's educator, reforms, technology of critical thinking through reading and writing, objective thinking, innovative activity.*